

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы №39 «Достық» мектепке дейінгі ұйымының
тәрбиешісі Мандыбаева Жансая Қуанышқалиқызы

Ұйымдастырылған оқу қызметіне
ойынды ұйымдастырудың үш түрін
енгіздім

Тәрбиешінің
жетекшілігімен
жүргізілетін
ойын:

Еркін ойын:

Құрылымдалған
ойын:

Тұтас бала
бейнесі

4К моделі

Бала үні





Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:

«Аю мен Түлкі» рөлдік ойыны.
Мақсаты: ертегі желісі арқылы балалардың тілдік дағдыларын, сөздік қорын молайту, ой қабілетін дамыту, ертегіге деген қызығушылықтарын ояту, жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білуге дағдыландыру.



Құрылымдалған ойын:

«Жаксылық жасау үшін не істер едік?» дидактикалық ойын.
Мақсаты: балалардың сөздік қорына мейірімділік, қамқорлық, сыйластық қарым-қатынастырын білдіретін сөздермен еселендіру.



Еркін ойын:

«Менің отбасым және менің әлемім»
Мақсаты: балалар фетрада бейнеленген түрлі түсті гүлдің күлтелерін, түстерін ретімен орналастырды, матаның қасиеттерін сипап сезу арқылы қатты немесе жұмсақ екенін ажыратты, ағаштың жемістерін орналастырды және Отбасы мүшелері бейнеленген картиналарды құрастырады.

Сәтсіз тұстарым

Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: А есімді бала ертегінің сөзін айта алмай ұмытып қалды. Е есімді бала ойынға қатысқанда ертегінің кейіпкеріне бірден ене алмады. . Рөлдік ойын кезінде өз ойын ортаға салғанда ұялшақтық мінез танытқан балалар да болды.

Құрылымдалған ойын: А есімді қыз құстың суретін алып, оны таныстыру барысында жауап беруге қиналды.

Еркін ойын: Бұл еркін ойынның қиындық туғызған тұсы уақыттың жетіспеушілігі, оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын жүргізуде келесі ұйымдастырылған оқу қызметін уақытында бастауға кедергі келтірді.

Сәтті тұстарым

Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Балалар мақсатқа жету жолында бір-біріне қолдау көрсеткені өте тиімді болды. Бұл ойынды ұйымдастыруда мен тобымдағы балалардың қабілеттерін, мінезінің ерекшеліктерін ескеріп, ойынды ұйымдастырудың үш түрінің бірі педагогтың жетекшілігімен жүргізгендіктен «Аю мен» тұлкі ертегісі сәтті өтті.

Құрылымдалған ойын: Бұрынғы тәжірибемде ойындардың барлығын өз жетекшілігіммен жүргізуші едім, «Жақсылық жасау үшін не істер едік?» дидактикалық ойынын құрылымдалған ойын ретінде өткізіп керемет әсер алдым. Себебі тобымдағы бүлдіршіндердің өз ойын, сезімдерін еркін жеткізе алатындығы мені қуантты.

Еркін ойын: Еркін ойынның тиімді тұстары ұжымдасқан қызмет түрлерін ұйымдастыруға бағытталған ойын тәсілдері болды.

Келешектегі жоспарым

Келешекте тәжірибеде жоспарым: уақытты ұтымды пайдалану және курс барысында үйренген әдіс-тәсілдерді оқыту үдерісінде барынша тиімді қолданып Бағдарламаның түйінді идеяларын жүзеге асыру, «Тұтас бала» бейнесін қалыптастыру. Ойын түрлерін - оқыту әдісі ретінде пайдалану, балалардың танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал ететінін түсіндім. Курс барысында алған теориялық білімімді бұрынғы тәжірибеммен ұштастыра отырып мен өзгеріске бет бұрдым. Бұрынғы тәжірибемде баланың ойын іс-әрекетінің барлығына жетекшілігі жасайтын едім, бұл әрекетімнің қате екенін түсіндім, болашақта баланың өзін-өзі реттеуіне, еркін ойында өзінің іс-әрекетіне жауап беруіне, ойнайтын ойын түрлерін өзі таңдауына мүмкіндік беретін болдым.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі мақсаты баланың жас ерекшелігіне сай әлеуетті мүмкіндіктерін барынша дамытуға, функционалдық тұрғыдан сауатты, кез келген өмірлік жағдайларда меңгерген білім, білік, дағдыларын тиімді қолдануға қабілетті бірегей тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Бала өзіндік әлеуетін байқауы, өзінің күш-жігеріне сеніп, іс-әрекетте табысқа жетуді үйренуі тиіс. Бұл оның балабақшадан мектепке көшуін анағұрлым жеңілдетіп, мектепте оқу барысында танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Осыған орай қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесі қалыптасып келе жатқан тұлғаның құқықтары мен мүдделерін түсінуді және құрметтеуді қажет ететін балаларға ізгілікті көзқарасқа бағдарлануы тиіс.

Мектепке дейінгі білім берудің жаңартылған мазмұнының айырмашылықтары

Салыстыру көрсеткіштері	Ескі мазмұны	Жаңа мазмұны
Педагогтің рөлі	Ақпарат көзі	Зерттеуші, жобалар жетекшісі, тьютор
Негізгі іс-әрекет	Балалардың іс-әрекет түрлері	Мақсаты – балалардың шынайы белсенділігі (іс-әрекеті), ал білім, білік және дағдыларды меңгеруі бұл белсенділіктің жанама әсері
Білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі моделі	Оқу	Ересек пен баланың бірлескен іс-әрекеті
Балалармен жұмыстың негізгі түрі	Сабақ	Өзіндік оқу, баланың әрекетін бақылау, зерттеу, эксперимент жүргізу, талқылау, топтама жинау, жобаларды жүзеге асыру, шеберхана және т.б.
Оқыту әдісі	Оқытудың дәстүрлі әдістерін пайдалану (проблемалық-ізденіс әдістерін сирек пайдаланумен қатар)	Оқытудың белсенді әдістерін пайдалану (дәстүрлі әдістерді ішінара пайдаланумен қатар)
Оқыту уәжі	Әдетте балалардың оқу әрекетінің өзіне деген қызығушылығымен байланысты емес. Сабақ педагогтың беделіне негізделеді.	Іс-әрекеттің алуан түрлерін ұйымдастыру сипатында іске асатын оқыту уәждері, олар біріншіден, балалардың сол іс-әрекет түрлеріне қызығушылығымен байланысты.
Білім беру процесі	Көп жағдайда реттелген. Педагогтің әзірлеген жоспарына сүйенеді	Білім беру процесі балалардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын есепке алу негізінде жоспарларға, бағдарламаларға өзгерістерді (түзетулерді) енгізуді қарастырады.
Бағалау және мониторинг	Нақты бағдарлардың жоқтығы	Индикаторлар құрастырылған.

Білім беру жүйесіндегі мектепалды даярлықтың рөлі

Мектеп жасына дейінгі баланың мектепке ауысуы мәселесіне әдістемелік әдебиеттерде аз көңіл аударылған. Педагогтер кездескен негізгі мәселе – балаларды мектепалды даярлау, мектепке дейінгі және мектептегі оқытудың сабақтастығы, себебі балалардың мектепке тұлғалық және зияткерлік даярлығы әртүрлі.

Тұлғалық даярлығы – ол мінез-құлық еріктілігінің белгілі бір деңгейі, қарым-қатынастың, өзін-өзі бағалау мен оқу мотивациясының қалыптасқандығы; белсенділік, бастамашылдық, дербестік, жауапкершілік, басқаны тыңдай білу және онымен өз әрекеттерін келісу, топта жұмыс істеу іскерлігі.

Зияткерлік даярлығы – ол ойлау тәсілдерінің, қиялының, шығармашылығының дамуы, таным әрекетінің құралдарын (салыстыру, талдау, жіктеу, жалпылау, модельдеу және т.б.) меңгеру; басқа баланың ұстанымын есепке алу, ана тілі мен сөйлеудің негізгі түрлерін меңгеру, іс-әрекеттің басқа ерекше түрлері (құрастыру, мүсіндеу, сурет салу, түрлі ойындар) ішінде оқу әрекетінің элементтерін меңгеру; шешудің амалдарын сезіну және жалпылау.

Оқуға даярлық түсінігі өзіне баланың оқу мақсаттарын түсінуін, тапсырмаларды тәжірибелік орындауды, өзін-өзі бағалауды, ерік-жігерінің дамуын, бақылау, есте сақтау және қойылған міндеттерге қол жеткізуді қамтиды.

Баланың оқуға даярлығын анықтауда үш аспектіні ажырату қажет:

1. Баланың жалпы дамуы. Оқу процесіне толық енуі үшін бала белгілі бір деңгейге жету керек. Бірінші кезекте балада сөйлеу, ес, зейін және зият қалыптасу қажет.

2. Өзін өз еркімен басқара алу іскерлігі. Мектеп жасына дейінгі жастағы балада қабылдауы жарқын, зейіні тұрақсыз және жақсы ес бар, бірақ бала оларды әлі өз еркімен және дұрыс басқара алмайды. Егер оның зейінін өзіне басқа нәрсемен аударса, ол ұзақ және ұсақ детальдармен белгілі бір оқиғаны немесе ересектердің әңгімесін есте сақтауы мүмкін. Бірақ оның тікелей қызығушылығын туғызбаған болса, оған зейінін ұзақ тұрақтандыра алмайды, балаға ол ауыр. Бірақ бұл іскерлікті оқу кезеңіне қарай дамыту өте маңызды. Кең ауқымды іскерлікті, яғни өзі қалаған ғана емес, орындау міндетті әрекетті де орындау іскерлігін меңгеру.

3. Оқуға ынталандыратын уәждерді қалыптастыру. Балалардың білімді меңгеруге ұмтылысын ынталандыратын шынайы және терең уәжін тәрбиелеу.

Бағдарламаның түйінді идеялары

